

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
«__» _____ 20 __ года

2024 жылғы 27 наурызда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Ауыртпашылық бір айналдырса шыр айналдырады екен. Онсыз да қытымыр қыстың тосын мінезімен арпалысып, жұттың кесірінен жылқысы қырылып, ұнжырғасы түскен Жаңаарқа жұртшылығының жанайқайын Үкімет назарына жолдаймын!

Қыста қар құрсауынан, көктемде су тасқынынан, жазда құрғақшылықтан зардап шеккен ауыл халқының үніне салғырт қарамаңыздар!

Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы Жұмажанов ауылының тұрғындары ауыл іргесіндегі таяқ тастам жерге төгілген мұнай қалдықтарынан зардап шегуде. Елді мекеннен небәрі 500 метр жердегі мұнай қалдықтары төгілген полигонның залалын ескертіп тұрғындар дабыл қаққалы қашан... Бірақ өкінішке қарай қарапайым халықтың талап-тілегімен ешкім санасар емес.

Ауыл халқының тынысын тарылтып, тамағын қырғаған мұнай қалдықтарының жағымсыз иісі тұрғындардың мұңына айналуда. Денсаулығына алаңдаған жұрттың жанайқайын СЭС мамандары да, экологтар да назарына алмай келеді.

Ауа-райының күрт жылынуы себепті кеше сол мұнай қалдықтарын жинақтайтын полигонды су басып кетті.

Қар суымен араласқан зиянды мұнай қалдықтары Сарысу өзенінің арнасына құйылса, оның экологиялық залалы үлкен болмақ. Суда жүзген балықтың, жүгірген аңның, жұттан қалған азын-аулақ малдың қырылуына себеп болуы бек мүмкін.

Сол себепті келесі талап-тілектерімізді жолдаймыз:

1. Дереву су ағып жатқан аумақта мұнай қалдықтарының төгілу дәлелдері анықталсын. Арнайы комиссия құрылып, сараптама жүргізу қажет;

2. Ауыл тұрғындарының денсаулығына зиян келтіріп отырған іргедегі мұнай қалдықтары полигоны жабылсын;

3. Тексеріс нәтижесінде заң бұзушылық анықталған жағдайда өндірістік мұнай тасымалдау мекемесіне қатаң шаралар қолданылсын;

4. Республика бойынша мұнай қалдықтарын сақтау полигондарына экологиялық заңнамалардың сақталуы бойынша тексеріс жүргізілсін.

Осы депутаттық сауалға заңнамада белгіленген мерзім ішінде жазбаша жауап күтеміз.

**Құрметпен, «АМАНАТ»
партиясы фракциясының мүшелері,
Депутаттар**

**А. Әлтай
Е. Сатыбалдин
Қ. Әлішев
С. Пономарев**

**«Ауыл» халықтық-демократиялық
патриоттық партиясының
фракциясының мүшесі**

А. Зейнуллин